

Ғылым саласындағы сыйлықтар мен мемлекеттік ғылыми стипендиялардың мөлшерлерін және конкурстық материалдарды ресімдеуге қойылатын талаптарды бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 21 желтоқсандағы № 536 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2012 жылы 20 қаңтарда № 7392 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2025 жылғы 24 қазандағы № 495 бұйрығымен.

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 24.10.2025 № 495 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Ғылым саласындағы сыйлықтар мен мемлекеттік ғылыми стипендиялар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 19 шілдедегі № 830 қаулысын орындау үшін **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Ғылым саласындағы сыйлықтар мен мемлекеттік ғылыми стипендиялардың мынадай мөлшерлері белгіленсін:

1) жаратылыстану ғылымдары саласындағы үздік ғылыми зерттеуі үшін Қ.И. Сәтбаев атындағы сыйлық - 350 айлық есептік көрсеткіш;

2) гуманитарлық ғылымдар саласындағы үздік ғылыми зерттеуі үшін Ш.Ш. Уәлиханов атындағы сыйлық - 350 айлық есептік көрсеткіш;

3) педагогика саласындағы үздік ғылыми зерттеуі мен жұмысы үшін Ы. Алтынсарин атындағы сыйлық - 350 айлық есептік көрсеткіш;

4) түркология саласындағы аса зор жетістіктері үшін Күлтегін атындағы сыйлық - 300 айлық есептік көрсеткіш;

5) жаратылыстану ғылымдары саласындағы үздік жұмысы үшін жас ғалымдарға арналған Д.А. Қонаев атындағы сыйлық - 150 айлық есептік көрсеткіш;

6) гуманитарлық ғылымдар саласындағы үздік жұмысы үшін жас ғалымдарға арналған М.О. Әуезов атындағы сыйлық - 150 айлық есептік көрсеткіш;

7) мемлекеттік ғылыми стипендия – 24 айлық есептік көрсеткіш.

2. Қоса беріліп отырған:

1) Конкурстық материалдарды ресімдеуге қойылатын талаптар;

2) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің күші жойылған бұйрықтарының тізбесі бекітілсін.

3. Ғылым комитеті (Б.Ә. Қасымбеков):

1) осы бұйрықтың белгіленген тәртіпте Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін;

2) мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін осы бұйрықты бұқаралық ақпарат құралдарында жарияласын.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау вице-министр М.Қ.Орынхановқа жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр

Б. Жұмағұлов

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2011 жылғы 21 желтоқсандағы
№ 536 бұйрығымен
бекітілген

Конкурстық материалдарды ресімдеуге қойылатын талаптар

1. Жалпы ережелер

1. Осы Талаптар "Ғылым саласындағы сыйлықтар мен мемлекеттік ғылыми стипендиялар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 19 шілдедегі № 830 қаулысына сәйкес ғылым саласындағы сыйлықтар мен мемлекеттік ғылыми стипендияларды алуға арналған конкурстық материалдарды ресімдеуге белгіленеді.

2. Ғылым саласындағы сыйлықтарды және мемлекеттік ғылыми стипендияларды алуға арналған конкурстық материалдар мынадай параметрлерді есепке алып ресімделеді:

сол жақ шеті – 2,5 см, оң жақ шеті – 1,5 см, колонтитул – 2,0 см;

қаріп түрі – "TimesNewRoman" № 14;

жоларалық қашықтық – бір есе;

абзацтық бос жер (бірінші жолдың бос жері) - 1,25 см.

2. Ғылым саласындағы сыйлықтарды алуға арналған конкурстық материалдарды ресімдеуге қойылатын талаптар

3. Ғылым саласындағы сыйлықтарды алуға арналған конкурсқа материалдар, оның ішінде кітаптар, монографиялар, оқулықтар, кітапшаланған мақалалардың баспа-таңбалары, патенттер көшірмелері, авторлық куәліктер, мемлекеттік тіркеуден өткен ғылыми-зерттеу жұмысы туралы есептер түрлеріндегі ғылыми жұмыс екі бірдей данада тапсырылады.

4. Жұмыстың сипаттамасында оның мазмұны, зерттеулердің өзектілігі мен жаңалығы, негізгі ғылыми нәтижелері, олардың маңыздылығы мен болашақта пайдалану мүмкіндігі баяндалады.

Сипаттаманың жұмысты ұсынған мекеменің атауы, жұмыстың аты, ізденушілердің қолы қойылған, оның тегі, аты-жөні көрсетілген титул беті болады.

Сипаттаманың көлемі 0,5 баспа табақтан аспайды.

5. Жұмыстың қысқаша аннотациясында төмендегі мәліметтер көрсетіледі:

1) алдыңғы бетінде - жұмыстың атауы, оны ұсынатын ұйымның толық атауы; авторлардың тегі, аты-жөні, олардың қызмет орындары, лауазымдары, ғылыми дәрежелері мен атақтары;

2) екінші жағында - жұмыстың қысқаша мазмұны мен алынған нәтижелерінің маңыздылығы, жұмыс авторларының қолдары.

6. Ұсыным-негіздеме жұмыстың ғылыми өзектілігін, оның маңыздылығын бейнелеу қажет. Ұсыным-негіздеменің әр данасы ұсынып отырған ұйымның ресми бланкісінде ресімделеді және оған ұйымның басшысы қол қояды.

7. Жұмысты ұсынған ұйымның консультативтік-кеңесші органы отырысының хаттамасынан үзіндіде авторлық ұжымның құрамы көрсетілген сыйлыққа жұмысты ұсынуы болу қажет.

Үзіндіге органның төрағасы мен оның хатшысы қол қояды және ұсынып отырған ұйымның мөрімен куәландырылады.

8. Ізденушінің негізгі қызмет орнынан анықтамасында төмендегі мәліметтер көрсетіледі:

1) ұсынылып отырған жұмыстың атауы;

2) тегі, аты, әкесінің аты;

3) туған жылы, айы, күні;

4) ғылыми дәрежесі мен атағы, мамандығы;

5) атқарып отырған лауазымы;

6) ізденушінің қызмет және үйінің мекенжайы, телефондары және электрондық поштасы.

Анықтамаға ізденушінің өзі қол қояды және кадр бөлімі қызметкерінің қолымен және ұйымның мөрімен куәландырылады.

9. Ізденушінің ғылыми қызметіне қысқаша сипаттамаға жұмысты ұсынушы ұйымның басшысы қол қояды.

Ұжымдық жұмыстар үшін ізденушінің шығармашылық үлесі көрсетіледі.

10. Ізденушінің негізгі ғылыми жұмыстарының тізімі (5 жұмыстан аспауға тиіс) оның негізгі қызмет орнының мөрімен расталады.

11. Жұмысты ұсынушы ұйымынан, конкурсқа тапсырылған жұмыстың (жұмыстар сериясы) бұрын республикалық бюджет қаражатынан төленетін

сыйлықтарға ие болмағанын куәландыратын анықтамаға ұйым басшысының қолы қойылады және мөрмен куәландырылады.

12. Ізденуші жұмыстан босатылған жағдайда осы баптың 7, 8 және 9-тармақтарында көрсетілген құжаттар оның соңғы жұмыс орнынан ұсынылады.

13. Конкурсқа тапсырылатын барлық құжаттар бойынша олардың электронды нұсқасыда электронды тасымалдаушыда тапсырылады.

14. Аталған құжаттардың әр жинағы тезтікпеге тігіледі, жеке конвертке жабылады және ғылыми жұмыс және электронды тасымалдаушымен бірге:

1) "Жаратылыстану ғылымдары саласындағы үздік ғылыми зерттеулер үшін Қ.И.Сәтбаев атындағы сыйлықты алуға";

2) "Гуманитарлық ғылымдар саласындағы үздік ғылыми зерттеулер үшін Ш. Уәлиханов атындағы сыйлықты алуға";

3) "Педагогика саласындағы үздік ғылыми зерттеулері мен жұмыстары үшін Ы. Алтынсарин атындағы сыйлықты алуға";

4) "Түркология саласындағы үздік жетістіктері үшін Күлтегін атындағы сыйлықты алуға";

5) "Жаратылыстану ғылымдар саласындағы үздік жұмыстары үшін жас ғалымдарға берілетін Д.А.Қонаев атындағы сыйлықты алуға";

6) "Гуманитарлық ғылымдар саласындағы үздік жұмыстары үшін жас ғалымдарға берілетін М. Әуезов атындағы сыйлықты алуға" деген жазуы бар папкіге салынады.

Конверттің және папкінің сыртында жұмыс орындалған ұйымның атауы, жұмыстың атауы, авторлардың тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

3. Мемлекеттік ғылыми стипендияларды алуға арналған конкурстық материалдарды ресімдеуге қойылатын талаптар

15. Мемлекеттік ғылыми стипендияларды алуға арналған конкурсқа материалдар екі бірдей данада тапсырылады.

16. Ілеспе хаттың әрқайсысы ұсынушы ұйымның ресми бланкісінде ресімделеді және басшысының қолы қойылады.

17. Мемлекеттік ғылыми стипендияны алуға үміткерді ұсыну туралы консультативтік-кеңесші органы отырысының хаттамасынан үзіндіге органның төрағасы мен оның хатшысы қол қояды және жұмысты ұсынған ұйымның мөрімен куәландырылады.

18. Консультативтік-кеңесші органның уәжделген қолдаухатында (ұсынымында) ізденушінің ғылыми үлесі туралы, оның жетістіктері мен жоғары баға алған және практикалық қолданыс тапқан әзірлемелері, сондай-ақ күтіліп отырған нәтижелер және олардың практикалық маңыздылығы көрсетілген ғылыми қызметінің бағдарламасы туралы мәліметтері көрсетіледі.

Уәждеделген қолдаухат 5 баспа беттен аспайды және ұйымның мөрімен куәландырылады.

19. Ізденушінің негізгі қызмет орнынан анықтамасында төмендегі мәліметтер көрсетіледі:

- 1) тегі, аты, әкесінің аты;
- 2) туған жылы, айы және күні;
- 3) негізгі жұмыс (оқу) орны және қызметі;
- 4) ғылыми және педагогикалық жұмыс өтілі немесе оқыған жылы (аспиранттар мен докторанттар үшін);
- 5) ғылыми дәрежесі және оның берілген уақыты;
- 6) үйінің және қызмет мекенжайы, телефондары және электрондық поштасы.

Анықтамаға ізденушінің өзі қол қояды және негізгі жұмыс (оқу) орнындағы кадр бөлімі қызметкерінің қолымен және ұйымның мөрімен куәландырылады.

20. Ізденушінің ақырғы бес жылдағы басып шығарған ғылыми еңбектерінің тізімі ұйымның мөрімен бекітіледі. Тізімге ең маңызды жұмыстардың баспа-таңбалары (бестен аспауы керек) қоса беріледі.

Монография бойынша екі бетке дейінгі көлемде басылған аннотация беріледі.

21. Аталған құжаттардың әр жинағы тезтікпеге тігіледі, жеке конвертке жабылады және "Ғылым мен техникаға елеулі үлес қосқан ғалымдар мен мамандарға арналған мемлекеттік ғылыми стипендияны алуға" немесе "Дарынды жас ғалымдарға арналған мемлекеттік ғылыми стипендияны алуға" деген жазуы бар папкіге салынады. Папкінің жоғарғы жағында стипендияны алуға ізденушіні ұсынып отырған ұйымның консультативтік-кеңесші органының атауы, төменгі жағында талапкердің тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2011 жылғы 21 желтоқсанда
№ 536 бұйрығымен бекітілген

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің күші жойылған бұйрықтарының тізбесі

1. "Үздік ғылыми зерттеулерге сыйлықтар және жас ғалымдарға үздік ғылыми жұмыстары үшін сыйлықтар берудің тәртібі жөніндегі ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2000 жылғы 27 мамырдағы № 500 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1168 тіркелген).

2. "Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2000 жылғы 27 мамырдағы № 500 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2001 жылғы 27 қыркүйектегі № 761 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік

тіркеу тізілімінде № 1668 тіркелген, Қазақстан Республикасының орталық орындаушы және басқа мемлекеттік органдарының Нормативтік-құқықтық актілер бюллетенінде жарияланған, 2001 жыл, № 36-37, 518-құжат).

3. "Түркология саласындағы үздік жетістіктері үшін Күлтегін атындағы сыйлықты берудің тәртібі туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2002 жылғы 25 қыркүйектегі № 698/1 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2031 тіркелген, Қазақстан Республикасының орталық орындаушы және басқа мемлекеттік органдарының Нормативтік-құқықтық актілер бюллетенінде жарияланған, 2003 жыл, № 1, 759-құжат).

4. "Үздік ғылыми зерттеулерге сыйлықтар және жас ғалымдарға үздік ғылыми жұмыстары үшін сыйлықтар берудің тәртібі жөніндегі ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2000 жылғы 27 мамырдағы № 500 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2003 жылғы 22 қыркүйектегі № 631 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2532 тіркелген, Қазақстан Республикасының орталық орындаушы және басқа мемлекеттік органдарының Нормативтік-құқықтық актілер бюллетенінде жарияланған, 2003 жыл, № 37-42, 878-құжат).

5. "Үздік ғылыми зерттеулерге сыйлықтар және жас ғалымдарға үздік ғылыми жұмыстары үшін сыйлықтар берудің тәртібі жөніндегі ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2000 жылғы 27 мамырдағы № 500 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2004 жылғы 21 қазандағы № 850 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3212 тіркелген, Қазақстан Республикасының орталық орындаушы және басқа мемлекеттік органдарының Нормативтік-құқықтық актілер бюллетенінде жарияланған, 2005 жыл, № 9-13, 32-құжат).

6. "Түркология саласындағы үздік жетістіктері үшін Күлтегін атындағы сыйлықты берудің тәртібі туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2002 жылғы 25 қыркүйектегі № 698/1 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2005 жылғы 19 тамыздағы № 552 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3828 тіркелген, 2005 жылғы 16 қарашадағы № 212 (946) "Юридическая газета" газетінде жарияланған).

